«Жаңашар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекетік мекемесі
Жергілікті қауымдастық отырысының № 1 хаттамасы

Өткізілген күні мен орны: 2026 жылғы 12 қаңтар
Сағат 10-30
Жанашар ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты. Жанашар ауылы.

Жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жалпы саны: 11 адам.
Қатысушылардың саны: 9 адам (қосымша тізімі тіркеледі).

Төрағасы - Қ.Абдувайтов
Хатшысы – А.Адамбекова

Күн тәртібіндегі мәселе:
Жаңашар ауылдық округі бойынша өзекті мәселелерді анықтап, мелекеттік сатып алу веб порталы арқылы сатып алу жолдарын қарастыру

Округ әкімі С.Жакежанов:
Құрметті, округіміздің жергілікті қауымдастық өкілдері!
Биылғы 2026 жылы бөлінген қаражат өздеріңізге белгілі. Нақты бағыттар бойынша атап өтсем:
1. Елді мекендердегі жарықшамдарды күтіп ұстауға- 2 945 689,66 тенге бөлінген.
2. Ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер 800 мың теңге
3. Елді мекендерді абаттандыру бағдарламасы арқылы 2 млн. 650,0 мың теңге қаражат бөлінді.
4. Елді мекеннің санитариясын қамтамасыз етуге 5 млн. 769 мың теңге
5. Қызметтік көлікке техникалық қызмет көрсету 250 мың теңге
6. Ауыл атауын жасау және орнату 4 млн. 500 мың теңге.
Жаңашар ауылының тұрғыны Ж.Қасенова.
- Айтылғандардың барлығы дұрыс ауылдың атауын жазу, тазалық және басқа аталғандар да ауыл үшін қажетті деп ойлаймын. Алдағы уақытта барлығы өз орнымен істеледі деп сенеміз.
Жаңашар ауылының тұрғыны М.Орлов.
- Мына жарықтандыруға қызмет көрсету, ағаш кесу, арықтарды тазалау, санитарлық тазалау жұмыстарын да жақсылап, істейтін мекемемен келісіп, бір көзден тікелей келісім шарт жасаған дұрыс деп ойлаймын.
Округ әкімі С.Жакежанов.
- Негізі биыл Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, ауылдық округі әкімінің аппараты Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 16 бабының 3 тармағы 28) тармақшасына сәйкес, егер мұндай біртекті тауарлардың

жылдық көлемі құндық мәнде ауылдар әкімдерінің аппараттары үшін кенттердің, ауылдық округтердің-республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, бір көзден тікелей келісім шарт жасауға болады делінген. Оның да шарттары бар, кем дегенде 3 мекемеден бағалы ұсыным жинау керек.

Жаңашар ауылының тұрғыны С.Китодзе.

Жарықтандыру шамдарына техникалық қызмет жүргізу жұмыстары бар, ауыл ішіндегі және күре жолдың бойындағы қураған ағаштарды кесу жұмыстары барлығы тікелей бір көзден келісім шарт жасалу керек.

Округ әкімі С.Жакежанов.

Негізіне оның да өзіндік шарттары бар. Кем дегенде үш кәсіпкерден бағалы ұсыныс алып, кім ең арзан бағада сапалы жұмыс жасауға келіседі, сол кәсіпкерге келісім шарт жіберілуі тиіс.

Жанашар ауылының тұрғыны М.Орлов.

Осы аталған мәселелерді округ әкімі аппаратының мамандарына тапсырайық. Істелетін жұмыс көлемін анықталып, кәсіпкерлерден бағалы ұсыныс алсын. Аталған жұмыстар бір көзден тікелей келісім шарт жасау арқылы жасалсын.

Жиналыста отырған жергілікті қауымдастық мүшелері аталған ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Қалыс «жоқ» Қарсы «жоқ»

Күн тәртібінде қаралған төмендегі мәселелер бір ауыздан мақұлданды.

1. Елді мекендердегі жарықшамдарды күтіп ұстауға қаржы бөлінсін.
2. Ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтер атқарылсын.
3. Елді мекендерді абаттандыру бағдарламасы арқылы қаражат бөлінсін.
4. Елді мекеннің санитариясын қамтамасыз етуге қаражат бөлінсін.
5. Қызметтік көлікке техникалық қызмет көрсетуге қаражат бөлінсін.
6. Ауыл атауын жасау және орнатуға қаражат бөлінсін.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы **Қ.Абдувайтов**

Жергілікті қоғамдастық жиналысының хатшысы **А.Адамбекова**